

**Азамат Ерланұлы Нұртанның «Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары» тақырыбына философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <b><u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></b></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз ету және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру» атты 4.5-тармағының «Сот төрелігінің сапасын жақсарту және құқық қорғау органдарын реформалауды жалғастыру» атты 1-басымдығына сәйкес келеді. Атап айтқанда, құқық үстемдігі, оның ішінде шетелдік сот пен төрелік шешімдері бойынша өндіріп алушылардың мүдделерін заманауи талаптарға сай қамтамасыз ету елдің экономикалық дамуы мен инвестициялық тартымдылығының қажетті іргетасы болып табылады.</p> <p>Сондай-ақ, диссертация тақырыбы дауларды шешудің баламалы жолдарын қолдау бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>қосады</u></b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған</u></b> /ашылмаған.	Жұмыс заң ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады, өйткені ол халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процесс және атқарушылық іс жүргізу салаларының түйісуіндегі өзекті әрі күрделі мәселелерді қозғайды және оларды шешудің негізделген тәсілдерін ұсынады. Оның нәтижелері аталған салалардағы дәстүрлі түсініктерді кеңейтіп қана қоймай, әрі қарай зерттеу үшін жаңа бағыттар ашады. Жұмыстың ерекше құндылығы талдаудың тереңдігінде, жасалған тұжырымдардың логикалық

			дәйектілігінде және нәтижелердің қолданбалы сипатында жатыр. Зерттеу тақырыбы бұрыннан белгілі теориялар мен тәжірибелерді өзара салыстыра отырып зерделеу және заманауи талаптарға бейімдеу арқылы егжей-тегжейлі ашылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияны докторанттың өзі жазған, теориялық және қолданбалы сипаттағы нәтижелерді, ұсынымдар мен қорытындыларды өз бетінше тұжырымдаған, соның арқасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысында туындайтын атқарушылық іс жүргізу мәселелерін зерттеуге жеке үлес қоса білген. Сонымен қатар өзі жазу принципінің сақталғандығын жұмысты дайындау барысында жасанды интеллект технологияларының қолданылмауы, зерттеу пәнін құрайтын мәселелерге қатысты автордың өзіндік көзқарасының болуы және жүргізілген талдаудың тәуелсіздігі қуаттайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертант тақырыптың өзектілігін шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану және орындау барысында азаматтық айналымның тұрақсыздығы мен құқықтық айқынсыздығынан туындайтын күрмеуі қиын проблемаларды көтеру арқылы негіздеген. Шетелдік соттар мен төрелік шешімдерінің орындалуы мемлекеттің халықаралық аренадағы беделі мен сенімділігінің маңызды көрсеткіші болып саналады. Сонымен қатар, бұл үдеріс ел ішіндегі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және әділдікті қамтамасыз ету тетіктерінің қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, атқарушылық іс жүргізу жүйесінің сапасы мен нәтижелілігі ерекше мәнге ие, өйткені оның дұрыс әрі дер кезінде жүзеге асырылуы адам құқықтарының сақталу деңгейімен, заң үстемдігінің қамтамасыз етілуімен және қоғамдағы құқықтық тәртіптің нығаюымен тікелей байланысты. Сот пен төрелік шешімдерін орындау саласында айқын әрі жүйелі құқықтық негіздері жоқ, сондай-ақ бұл бағытта тұрақты әрі бірізді практика қалыптастырмаған мемлекет әлеуетті инвесторлар

			<p>тарапынан сенімді орта ретінде қабылданбайды, мұндай жағдайда азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтарының толық әрі уақтылы қалпына келтірілетініне кепілдік берілмейді. Әсіресе сот немесе төрелік шешімдерінің нақты орындалу мүмкіндігі күмән тудырса, құқықтық қорғау тетіктерінің тиімділігі төмендейді. Нәтижесінде даулардың әділ шешілетініне және қабылданған шешімдердің іс жүзінде орындалатынына сенімділігі азайған шетелдік және отандық инвесторлар мұндай елге капитал салуға аса құлықты болмайды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын:  1) <b>айқындайды;</b>  2) ішінара айқындайды;  3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мәлімделген тақырыпқа толық сәйкес келеді және оның негізгі бағыттары мен зерттеу міндеттерін қисынды түрде өрбітеді. Жұмыстың құрылымы дәйекті және негізді: әр бөлім мен бөлімше зерттеу пәнінің негізгі қырларын ашуға, сондай-ақ шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысындағы атқарушылық іс жүргізу проблемаларын кешенді түрде зерттеп, оларды сындарлы тұрғыдан шешудің ұлттық және халықаралық тетіктерін ұсыну мақсатына қол жеткізуге және одан туындайтын нақты ғылыми міндеттерді шешуге бағытталған. Диссертацияда ұсынылған теориялық және практикалық тұжырымдардың сабақтастығы мен өзара байланысы зерттеудің тұтастығын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, жұмыстың мазмұны зерттелетін мәселеге жүйелі көзқарасты көрсетеді және автордың диссертация тақырыбын дәйекті және жан-жақты ашқанын растайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <b>сәйкес келеді;</b>  2) ішінара сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді, өйткені олар мәлімделген ғылыми мәселелерден өрбиді және оның мазмұнын теориялық және практикалық қырларынан жан-жақты ашуға бағытталған. Зерттеудің мақсаты жұмыстың түпкі тұжырымдамалық ойын қамтып көрсететіндей етіп тұжырымдалған, атап айтқанда, шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың халықаралық және ұлттық құқықтық негіздерін жүйелі талдауды, қолданыстағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын</p>

			<p>жетілдіруді және өндіріп алушылардың мүдделерін қанағаттандырудың халықаралық және ұлттық тетіктерін үйлестіруді көздейді.</p> <p>Диссертацияда қойылған міндеттер оның мақсатынан қисынды түрде туындайды, әдістемелік тұрғыдан негізді және оны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Олар шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудың маңызын және алғышартын ашуды; шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін нормалардың құқықтық жүйедегі орнын айқындауды; шетелдік шешімдерді тану мен орындауға қатысты халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлердегі құжаттарға шолу жасауды; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерін жүйелеуді; шетелдік шешімдерді орындауды қамтамасыз ететін халықаралық принциптер кешенін әзірлеуді; шетелдік шешімдерді тану және мәжбүрлеп орындатудың тиімді жолдарын ұсынуды қамтиды.</p> <p>Сонымен қатар, міндеттер әртүрлі құқықтық ұстанымдарды салыстыруға, нормаларды үйлестіру тенденцияларын анықтауға және құқықтық қатынастардың жаһандануы жағдайында осындай шешімдерді тану және мәжбүрлеп орындату рәсімдеріне қойылатын заманауи талаптарды анықтауға бағытталған.</p> <p>Тұтастай алғанда зерттеу міндеттері дәйекті түрде тұжырымдалған, өзара байланысты және жұмыстың ішкі тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оларды іске асыру зерттеу пәнін жан-жақты ашуға және қойылған мақсатқа қол жеткізуге ықпал еткен.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан</u></b>;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен бөлімшелері логикалық тұрғыдан толығымен өзара байланысты, өйткені жұмыс жоспары зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қатаң сәйкес құрылған және бірыңғай ғылыми тұжырымдамаға бағынады. Жұмыстың әрбір бөлімі мен бөлімшесі оқшауланған түрде қабылданбайды, керісінше, зерттеу тақырыбы туралы тұтас түсінік қалыптастыра отырып, негізгі тұжырымдарды дәйекті түрде дамытады және тереңдетеді.</p>

		<p>Диссертацияның бастапқы бөлімі шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негізін қалайды. Материалды ұсынудың сабақтастығы мен логикалық үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, жұмыстың бұдан кейінгі бөлімдерінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың нақты ережелері талданады; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды заманауи талаптарға сәйкестендіру жолдары қарастырылады. Бұл ретте алдыңғы бөлімдерде жасалған қорытындылар одан әрі пайымдау және жалпылау үшін негіздеме ретінде пайдаланылады, бұл зерттеудің ішкі сабақтастығын көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның қорытынды бөлімі оның негізгі бөлімінде жүргізілген талдаудан қисынды түрде туындайды, алынған нәтижелерді нақтылайды және кіріспе бөлімде тұжырымдалған мақсат-міндеттермен үйлеседі.</p> <p>Осылайша, диссертация барлық құрылымдық элементтері бірін-бірі толықтыратын, тақырыпты дәйекті түрде ашуды және зерттеудің мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін, құрылымдық сабақтастығы сақталған ғылыми жұмыс болып табылады.</p>	<p>Диссертацияның бастапқы бөлімі шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негізін қалайды. Материалды ұсынудың сабақтастығы мен логикалық үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, жұмыстың бұдан кейінгі бөлімдерінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың нақты ережелері талданады; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды заманауи талаптарға сәйкестендіру жолдары қарастырылады. Бұл ретте алдыңғы бөлімдерде жасалған қорытындылар одан әрі пайымдау және жалпылау үшін негіздеме ретінде пайдаланылады, бұл зерттеудің ішкі сабақтастығын көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның қорытынды бөлімі оның негізгі бөлімінде жүргізілген талдаудан қисынды түрде туындайды, алынған нәтижелерді нақтылайды және кіріспе бөлімде тұжырымдалған мақсат-міндеттермен үйлеседі.</p> <p>Осылайша, диссертация барлық құрылымдық элементтері бірін-бірі толықтыратын, тақырыпты дәйекті түрде ашуды және зерттеудің мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін, құрылымдық сабақтастығы сақталған ғылыми жұмыс болып табылады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар</u></b>;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен үйлесімде тиісті түрде бағаланған, бұл зерттеудің тереңдігі мен тәуелсіздігін көрсетеді. Жұмыста диссертанттың авторлық ой-түйіндерді тұжырымдап қана қоймай, оларды теориялық дереккөздерді, нормативтік-құқықтық базаны және құқық қолдану практикасын жан-жақты талдауға сүйене отырып қорытындылауға деген ұмтылысы байқалады. Ұсынылған әрбір ой-пайым отандық және шетелдік зерттеушілердің доктриналық ұстанымдарын, қолданыстағы заңнаманы, сондай-ақ сот және атқарушылық іс жүргізу практикасын талдауды қамтитын кеңейтілген уәждермен бірге жүреді. Бұл орайда уәждеу жүйелі болып табылады және зерттелетін мәселенің әртүрлі қырларын ескереді.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен үйлесімде тиісті түрде бағаланған, бұл зерттеудің тереңдігі мен тәуелсіздігін көрсетеді. Жұмыста диссертанттың авторлық ой-түйіндерді тұжырымдап қана қоймай, оларды теориялық дереккөздерді, нормативтік-құқықтық базаны және құқық қолдану практикасын жан-жақты талдауға сүйене отырып қорытындылауға деген ұмтылысы байқалады. Ұсынылған әрбір ой-пайым отандық және шетелдік зерттеушілердің доктриналық ұстанымдарын, қолданыстағы заңнаманы, сондай-ақ сот және атқарушылық іс жүргізу практикасын талдауды қамтитын кеңейтілген уәждермен бірге жүреді. Бұл орайда уәждеу жүйелі болып табылады және зерттелетін мәселенің әртүрлі қырларын ескереді.</p>

			<p>Диссертацияда ұсынылған шешімдерді бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстыруға ерекше назар аударылады. Автор белгілі тұжырымдамаларға сыни талдау жүргізеді, олардың күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ қолданудағы шектеулерді анықтайды. Осыған байланысты жаңа ұсыныстар негізді болып табылады, өйткені олар анықталған кемшіліктерді жоюға және ғылыми айналымда бар түсініктерді дамытуға бағытталады.</p> <p>Сыни талдау формальдық емес, мағыналық тұрғыдан жүргізілген: автор белгілі ұстанымдарды қайталаумен шектелмейді, олармен ғылыми пікірталасқа түседі, олардың заман талатарына сәйкестігін бағалайды және балама тәсілдерді ұсынады. Бұл тәсіл ғылыми рефлексияның жоғары деңгейін және автордың әртүрлі көзқарастармен жұмыс істеу қабілетін көрсетеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа болып табылады, олар жиынтығында тың ғылыми жетістік ретінде бағаланады, құқық бағытының атқарушылық іс жүргізу саласының дамуы үшін маңызды ғылыми негізделген жаңа іргелі және қолданбалы нәтижелерді қамтиды.</p> <p>Ғылыми нәтижелер мен ережелер ғылымда бұрыннан белгілі көзқарастарды қарапайым жалпылауға немесе қайталауға барып саймайды, тәуелсіз және кешенді зерттеу негізінде тұжырымдалған бірегей авторлық қорытындылардан тұрады. Жаңалық зерттеушілік сауалдарды қоюдан да, оларды шешу жолдарынан да көрінеді, бұл автордың құқық ғылымдарының халықаралық жеке құқық, ұлттық азаматтық процесс пен атқарушылық іс жүргізу салаларын дамытуға қосқан үлесі туралы айтуға мүмкіндік береді.</p> <p>Автор дәстүрлі тәсілдермен шектелмей, шетелдік сот және төрелік шешімдерін еліміздің аумағында мәжбүрлеп орындатумен байланысты құқықтық құбылыстардың жаңаша түсіндірмелерін ұсынады, қолданыстағы ұғымдық аппаратты нақтылайды және дамытады, сондай-ақ бұрын ғылыми әдебиеттерде тиісті деңгейде көрініс таппаған ережелерді тұжырымдайды.</p> <p>Сонымен қатар ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңалығы</p>

			<p>шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін нормаларды бекіту мен қолдану практикасын жетілдіру бойынша өзіндік ұсыныстар әзірлеуден көрінеді. Бұл ұсыныстар қолданыстағы жүйеге тән ақаулықтар мен қарама-қайшылықтарды жоюға және оның тиімділігі мен халықаралық құқықтық өзара әрекеттесудің қазіргі талаптарына сәйкестігін арттыруға бағытталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары мен ұсынымдары толығымен жаңа, себебі олар тәуелсіз ғылыми талдаудың нәтижесі болып табылады және ғылыми әдебиеттерде шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселесіне қатысты айтылған бұрыннан белгілі ой-пайымдарды теруден немесе құрастырудан тұрмайды.</p> <p>Қорытындылардың жаңалығы олардың жүргізілген талдаудан қисынды түрде туындайтындығынан, сондай-ақ құқықтық ілімдердің тиісті салаларын ғылыми тұрғыдан байыту элементтерінен тұратындығынан көрінеді: қолданыстағы теориялық ережелерді нақтылау, қалыптасқан тәсілдерді қайта қарау және құқықтық үдерістер мен құбылыстардың жаңа түсіндірмелерін тұжырымдау. Автор белгілі фактілер мен тұжырымдарды қайталамайды, шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелеріне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жалпылаулар мен қорытындыларды ұсынады.</p> <p>Жаңалықтың маңызды қыры – қорытындылардың зерттеу барысында анықталған проблемалар мен қайшылықтарды шешудің тың жолдарының ұсынылуында. Олар құқықтық реттеу мен құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды, бұл оларға теориялық қана емес, практикалық маңыздылық береді. Сонымен қатар, бұл тұжырымдар әртүрлі құқықтық жүйелерді салыстырмалы талдауға негізделген және бір мемлекеттің соты немесе төрелігі қабылдаған шешімдерді екінші бір мемлекетте орындату мәселесіндегі халықаралық ынтымақтастықты дамытудың заманауи үрдістерін ескереді.</p>

			<p>Осылайша, диссертацияның қорытындылары мен ұсынымдарына ғылыми жаңалық белгілері тән, өйткені олар өз бетімен орындалған, бірегей зерттеуге негізделген жаңа ғылыми білімдерді қамтиды және шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату саласындағы теория мен практиканың дамуына үлес қосады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <b>толығымен жаңа</b>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жұмыс еліміздің құқықтық жүйесін және экономикасын дамытуға маңызды үлес қосатын ғылыми негізделген технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін қамтиды.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған технологиялық (шетелдік соттар мен төреліктер шешімдерін Қазақстан Республикасының аумағында орындау алгоритмі), экономикалық (шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету арқылы еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру) немесе басқарушылық (шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату тәртібі) шешімдер толығымен жаңа және негізделген. Автор оларды әдебиетте ұшырасатын тәсілдерді өрбіте, заман талаптарына сәйкестендіре, қорланып қалған проблемаларды айқындай отырып, зерттелетін мәселені өз бетінше терең талдау негізінде әзірлеген. Олардың жаңалығы шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тәсілдердің, әдістер мен тетіктердің өзіндік ерекшелігінен көрінеді. Автор салыстырмалы талдау жүргізеді, қолданыстағы тәсілдердің кемшіліктерін анықтайды және ол ұсынған шешімдер анықталған проблемаларды жоюға немесе тиісті процестердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.</p> <p>Технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдердің негізділігі жүргізілген зерттеудің кешенді сипатымен қамтамасыз етіледі: автор теориялық дереккөздерді, нормативтік базаны, сондай-ақ зерттелетін жүйелер мен процестердің жұмыс істеу практикасын талдау нәтижелеріне сүйенеді. Оларды әзірлеу кезінде заң ғылымдары мен құқық қолдану практикасының даму</p>

			<p>тенденциялары, сондай-ақ заманауи сын-қатерлер ескеріледі, бұл ұсынылып отырған шешімдерге шынайы және қолданбалы сипат береді.</p> <p>Айтылғандардан тыс техникалық, экономикалық және басқарушылық шешімдер өзара жүйелі байланыста және зерттеудің жалпы логикасымен үйлеседі, қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес келеді және нақты ғылыми және практикалық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Оларды іске асыру тиісті тетіктерді жетілдіруге, басқару тиімділігін арттыруға, технологиялық процестерді оңтайландыруға немесе экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға ықпал ете алады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияның негізгі қорытындыларының барлығы заманауи ғылыми талаптарға сәйкес келетін сенімді және тексеруге келетін дәлелдемелер кешеніне сүйенеді. Оларды тұжырымдау үшін қомақты эмпирикалық база (сот пен атқарушылық іс жүргізу практикасы, статистикалық деректер), беделді дереккөздердің мәліметтері (халықаралық және ұлттық деңгейдегі нормативтік актілер, ғылыми еңбектер), сондай-ақ танылған ғылыми талдау әдістері (жалпығылыми және арнайы құқықтық) қолданылады. Зерттеудің эмпирикалық негізін құраған мағлұматтарды докриналдық көзқарастармен оңтайлы ұштастыру құқыққолдану саласындағы кемшіліктерді анықтап, атқарушылық заңнама мен практиканы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар енгізуді қамтамасыз етті.</p> <p>Әрбір қорытынды қарастырылған фактілер мен уәждерден қисынды түрде туындайды, құқық ғылымының бастауларына қайшы келмейді және жеткілікті негіздемелермен қамтамасыз етіледі. Автор тұжырымдарды сенімді және негізді деп санауға мүмкіндік беретін уәждер келтірген. Осылайша, барлық негізгі қорытындылар ауқымды ғылыми дәлелдемелермен қуатталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	<p><b>1-тұжырым дәлелденді.</b></p> <p>Диссертант өзара түсіністік принципінің теориялық мазмұны мен практикада қолданылуын кешенді түрде зерделеп, оның тиімділігін</p>

негізгі ережелер	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді</b>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	<p>халықаралық сыпайылық принципімен салыстыра отырып бағалаған. Зерттеу нәтижесінде өзара түсіністік принципінің бірқатар тұжырымдамалық және қолданбалы кемшіліктерін айқындап, трансшекаралық айналымның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатына халықаралық сыпайылық принципі жауап беретінін ғылыми негізде дәлелдеген.</p> <p><b>2-тұжырым дәлелденді.</b></p> <p>Шетелдік төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылатын «жария тәртіп» ескертпесін қолдану өлшемшарттарының айқын болмауы судьяның шетелдік шешімдердің танылуына негізсіз тосқауыл қоюына алып келуі мүмкін. Бұл жеке-құқықтық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтарының бұзылуына, сайып келгенде, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделіне теріс әсер етуі мүмкін. Автор «жария тәртіп» ескертпесі тар мағынада қолданылуы керектігін негіздеп, оның нақты мазмұнын еліміздің құқықтық жүйесінің іргелі принциптерімен және аса императивті нормаларымен шектейді. Тұжырым жан-жақты теориялық талдауға және салыстырмалы-құқықтық зерттеуге негізделген.</p> <p><b>3-тұжырым дәлелденді.</b></p> <p>Шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудан бас тарту негіздерін әрбір мемлекет өзінің ұлттық заңнамасында бекітеді, олардың әрқелкі болуы басқа мемлекеттің аумағында шетелдік өндіріп алушының құқығын қалпына келтіру ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Осы проблеманы шешу үшін ізденуші атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың кез келген юрисдикция үшін түсінікті, әрі елдердің ішкі заңнамасына қайшы келмейтін әмбебап тоғыз негізін әзірлеген. Ереже басқа елдердің заңнамасына салыстырмалы талдау жасау, олардың ішінен әмбебап сипатқа ие негіздерді тандап алу және бір үлгіге келтіру арқылы дәлелденген.</p> <p><b>4-тұжырым дәлелденді.</b></p> <p>Халықаралық атқарушылық іс жүргізудің шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға қатысты бір-бірімен</p>
------------------	---	---

сабақтас әмбебап принциптер кешені ұсынылады. Автор оларды халықаралық байланыстарда құқықтық айқындылық пен болжамдылықты қамтамасыз ететудің маңызды құралы, азаматтық айналым шеңберінде өндіріп алушылар құқықтарының қалпына келтірілуінің мызғымас кепілі ретінде қарастырады. Тұжырым халықаралық және ұлттық атқарушылық іс жүргізудің әдебиетте ұсынылған және нормативтік тұрғыда бекітілген принциптерін талдау және олардың нақты мазмұнын ашу, олардың иерархиясын анықтау арқылы негізделген.

**5-тұжырым дәлелденді.**

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін басқа елде мәжбүрлеп орындату барысында өндіріп алушылар тап болатын проблемалардың қатарында ақпарат тапшылығы аталады. Ізденуші ұлттық атқарушылық іс жүргізу заңнамасының тиісті нормаларын жүйелеу және қисынды тізбекпен сатылап орналастыру арқылы шетелдік соттар мен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасының аумағында орындау алгоритмін құрастырған және осындай шешімдердің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулықтың жобасын әзірлеген. Тұжырым ұлттық атқарушылық іс жүргізу заңнамасын, шетелдік элементпен күрделенген жеке құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруге қатысты нормаларын жүйелі-құрылымдық тұрғыдан зерделеу, сәйкессіздіктер мен қисынсыздықтарды анықтау арқылы дәлелденген.

**6-тұжырым дәлелденді.**

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін басқа бір елде мәжбүрлеп орындату әлемдік деңгейге тән мәселе болғандықтан, оның құқықтық негіздері бірыңғайландырылған болуы тиіс. Ұлттық заңнамаларды үйлестірудің тиімді құралы – шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы әмбебап халықаралық конвенция қабылдау. Автор осындай әмбебап халықаралық конвенцияның жобасын әзірлеген, оны іске асырудың

		<p>институционалдық тетіктерінің қатарында Халықаралық сот орындаушылар палатасын құруды ұсынған. Тұжырым халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлердегі құқықтық құжаттар мен келісімдерді терең зерделеу, ақаулықтары мен кемшіліктерін анықтау, қазіргі халықаралық қатынастар контекстінде бағалау арқылы дәлелденген.</p>
	<p>7.2 Тривиалды ма?  1) иә;  2) <b>жоқ</b>;  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p><b>1-тұжырым тривиалды емес.</b>  Траншекаралық айналымның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу тұрғысынан халықаралық сыпайылық принципінің өзара түсіністік принципінің алдындағы басымдығы туралы ой қарабайыр емес. Біріншіден, бір принципті екіншімен ауыстыру туралы ұсыныс халықаралық және ұлттық құқықтық жүйелердің іргелі негіздеріне әсер етеді; екіншіден, тұжырым аталған принциптерді теориялық тұрғыдан қайта бағалауды қажет етеді; үшіншіден, бас тарту ұсынылып отырған принциптің қазіргі заман тұрғысынан жеткіліксіздігін, ал ұсынылып отырған принциптің артықшылығын, анықталған проблеманы шешу әлеуетін дәлелдеуді талап етеді.</p> <p><b>2-тұжырым тривиалды емес.</b>  Халықаралық жеке құқықта «жария тәртіп» қандай да бір нормалардың қолданылуын шектеу үшін ескертпе ретінде қолданылады. Бір жағынан, «жария тәртіп» егемендікті, құқықтық тәртіпті және басты құндылықтарды қорғау құралы болып табылады, екінші қырынан, «жария тәртіпті» кең мағынада түсіну шетелдік шешімдерді тану мен орындаудан бас тартудағы құқықтық айқынсыздыққа, ұлттық құқықтық жүйеге деген сенім деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. «Жария тәртіп» туралы ескертпені тар мағынада қолдану туралы ұсыныс құқықтық реттеудің икемділігі мен айқындылығының арасындағы теңгерімділікке араласуды білдіреді. Автордың «жария тәртіптің» мазмұнын Қазақстанның құқықтық жүйесінің іргелі принциптерімен және аса императивті нормаларымен байланыстыруы еліміздің басты құндылықтарын қорғауды әлсіретпейді, керісінше, оларды дәлірек және болжамды</p>

қорғауға ықпал етеді, яғни, бұлыңғыр ережеден неғұрлым нақты анықталған құралға көшуге жол ашады.

### **3-тұжырым тривиалды емес.**

Әрбір мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың тәртібі мен шарттарын дербес айқындайды. Сондықтан бұл негіздерді халықаралық деңгейге көшіру идеясының өзі қарабайыр емес.

Халықаралық құжаттарда атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың әмбебап негіздерін бекіту туралы ұсыныс ұлттық заңнамаларды үйлестіруді ғана емес, әмбебап өлшемшарттарды әзірлеуді көздейді. Бұл әртүрлі құқықтық дәстүрлерді, атқарушылық іс жүргізу модельдерін өзара сәйкестендіруді қамтиды.

Осылайша, бұл тұжырымның тривиалды еместігі оның ұлттық атқарушылық іс жүргізу саласын реттеудің негізгі элементтерін халықаралық деңгейге ауыстыруды көздейтіндігінен, әртүрлі құқықтық жүйелерді ымыраға келтіруді қажет ететіндігінен және құқықтық реттеудің тиімділігі мен мемлекеттердің егеменді өкілеттіктері арасындағы тепе-теңдікті қозғайтындығынан көрінеді.

### **4-тұжырым тривиалды емес.**

Қолданыстағы құқықта шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату принциптері тұтас жүйе түрінде түзілмейді. Олар халықаралық шарттарда, ұлттық заңнамада және сот практикасында «шашыраңқы» нысанда ұшырасады. Тиісінше, оларды анықтау, тұжырымдау және біртұтас жүйеге біріктірудің өзі дербес ғылыми міндет болып табылады. Автор оларды құр атап қоймай, олардың мазмұнын ашады, жүйелеу критерийлерін анықтайды, принциптер арасындағы байланысты ашады, атқаратын функционалдық рөлдерін ескере отырып, олардың иерархиясын құрады.

Шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындату мәселесінің аясында халықаралық жеке құқық, ұлттық азаматтық процестік құқық, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу заңнамалары түйісетіндіктен,

мұндай күрделі құрылымның принциптерін жүйелеу әртүрлі құқықтық режимдер мен тәсілдерді салыстыруды талап етеді.

**5-ереже тривиалды емес.**

Шетелдік өндіріп алушылардың пайдасына шығарылған шешімдерді Қазақстанда мәжбүрлеп орындатудың алгоритмін жасау және шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулықтың жобасын әзірлеу қарапайым техникалық міндетті орындау емес, күрделі құқықтық саланы ғылыми және қолданбалы тұрғыдан терең зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Алгоритм жасау мен нұсқаулық жобасын әзірлеу автордың теориялық тұжырымдардан практикалық міндеттерді шешуге көшуін көрсетеді. Бұл тек ғылыми талдауды ғана емес, сонымен бірге заң техникасын, құқық қолдану ерекшеліктерін, органдар мен лауазымды адамдардың құзыретін және нақты әкімшілік рәсімдерді ескеруді қажет етеді. Мұндай нәтиже ғылыми идеяларды іс жүзінде қолданылатын реттеуші құралға айналдыруды білдіреді.

**6-тұжырым тривиалды емес.**

Автор әзірлеген Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы бірыңғайландырылған әмбебап халықаралық конвенцияның жобасы халықаралық құқықтық реттеудің ең күрделі және бытыраңғы салаларының бірін қамтиды. Қазіргі уақытта мұндай мәселелер әртүрлі құралдардың көмегімен реттеледі және бірыңғай әмбебап актіні құрастыру белгілі тәсілдерді терең өңдеуді қажет етеді.

Құқықтық жүйелері, институттардың даму деңгейі және егемендікке деген көзқарастары әртүрлі мемлекеттердің құқықтық ұстанымдарын үйлестіру өте күрделі міндет болып табылады. Демек, мұндай жобаны әзірлеу фактісі автордың дәстүрлі ғылыми ұсыныстар аясынан батыл түрде шыға алатынын қуаттайды.

Автордың Халықаралық сот орындаушылар палатасын құру қажеттігін негіздеуі халықаралық деңгейдегі институционалдық өзгерістерді көздейді. Қазіргі уақытта шешімдерді мәжбүрлеп

			<p>орындату жөніндегі қызметті үйлестіру дәрежесі көңілден шықпайды. Мұндай құрылымды жасақтау туралы ұсыныс құзыреттілік, ұлттық органдармен өзара іс-қимыл, сондай-ақ халықаралық құқықсубъектіліктің шектері мәселелерін қозғайды.</p>
		<p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>иә</u>;  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p><b>1-тұжырым жаңа.</b>  Қазіргі уақытта халықаралық-құқықтық актілерде және Қазақстанның ұлттық заңнамасында нормативтік түрде бекітілген өзара түсіністік принципі құқықтық айқындылықты қамтамасыз етпейді, сонымен қатар саяси астары басым принцип болып табылады. Траншекаралық айналымның қазіргі жай-күйін ескере отырып, диссертант оны қолданыстағы заңнамада көрініс таппаған халықаралық сыпайылық принципімен алмастыруды ұсынып отыр. Тұжырымның жаңалығы мыналармен айқындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұсыныс қалыптасқан доктриналық көзқарастардан ерекшеленеді;</li> <li>- тұжырым халықаралық сыпайылық принципінің құқықтық табиғатын қайта пайымдауды талап етеді;</li> <li>- нормативтік деңгейде бекітілмеген принципті заңнамалық реттеудің элементі ретінде енгізуді көздейді;</li> <li>- трансшекаралық айналымның заманауи контекстін ескереді;</li> <li>- ұсынылып отырған принцип неғұрлым икемді әрі тұрақты құқыққолдану моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді;</li> <li>- құқықтық институттардың саясаттан алшақ болуын қамтамасыз етеді.</li> </ul> <p><b>2-тұжырым жаңа.</b>  Қазақстанның құқықтық ғылымында шетелдік төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылатын «жария тәртіп» ұғымына нақты мазмұн беру және «жария тәртіпті» қолданудың өлшемшарттары туралы ұсыныс алғаш рет жасалып отыр. Еліміздің құқықтық ғылымында «жария тәртіп» ескертпесінің бір мағынада қабылданатын нақты мазмұндық сипаттамасы қалыптаспаған, бұл оны әртүрлі түсіндіруге жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертанттың бұл ұғымға нақты мазмұн беруі ғылыми тұрғыдан жаңа нәтижеге жатады. Шетелдік төрелік</p>

шешімдерді танудан бас тарту негізі ретінде «жария тәртіп» көбіне абстрактілі деңгейде қарастырылып келеді, ал оны қолданудың нақты өлшемшарттары жүйелі түрде әзірленбеген. Сондықтан мұндай өлшемшарттарды ұсыну құқыққолдану практикасы үшін де, теория үшін де тың ғылыми шешім болып табылады.

Сонымен қатар тұжырымның жаңалығы оның кешенді сипатынан көрінеді: автор тек ұғымды анықтап қана қоймай, оны қолданудың нақты тетігін – өлшемшарттар жүйесін қалыптастырады. Тұжырым халықаралық төрелік тәжірибемен және ұлттық құқықпен сабақтастықта негізделеді, яғни әртүрлі құқықтық жүйелердегі ұстанымдарды салыстыра отырып, Қазақстан үшін бейімделген модель ұсынылады. Мұндай салыстырмалы-құқықтық синтез де ғылыми жаңалықтың маңызды элементі болып табылады.

### **3-тұжырым жаңа.**

Халықаралық құжаттарда бекіту үшін атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың әмбебап негіздері отандық құқықтық ғылымда алғаш рет ұсынылып отыр және мұндай негіздерді халықаралық деңгейде бекіту туралы ұсыныс қалыптасқан құқықтық парадигма аясынан шығатын жаңа ғылыми көзқарас болып табылады. Тұжырым әртүрлі құқықтық жүйелер үшін ортақ, бірыңғай негіздерді қалыптастыруды көздейді, бұл болса, континенталдық және ағылшын-саксондық құқықтық жүйелердің айырмашылықтарын еңсеруді талап ететін күрделі ғылыми міндет.

Осылайша, тұжырымның ғылыми жаңалығы ұлттық деңгейде реттеліп келген институтты халықаралық деңгейде біріздендіруді ұсынуымен, әмбебап негіздер жүйесін қалыптастыруға бағытталуымен және атқарушылық іс жүргізудің бастапқы сатысын дербес ғылыми мәселе ретінде қарастыруымен сипатталады.

### **4-тұжырым жаңа.**

Шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың бір-бірімен байланысты принциптері логикалық тұрғыдан тізбектелген кешен ретінде алғаш рет ұсынылып отыр.

Бұл тұжырымның ғылыми жаңалығы шетелдік сот және төрелік

шешімдерін мәжбүрлеп орындату саласындағы принциптердің құқықтық доктринада бытыраңқы әрі жүйеленбеген түрде қарастырылып келгеніне қарамастан, оларды алғаш рет өзара тығыз байланыстағы, логикалық тұрғыдан тізбектелген тұтас кешен ретінде ұсынуымен айқындалады. Бұл ұстаным принциптердің ішкі құрылымын, өзара ықпалдастығын, қолдану реттілігін және функционалдық бірлігін ашуға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде мәжбүрлеп орындату тетігі статикалық емес, біртұтас әрі үйлесімді жұмыс істейтін динамикалық жүйе ретінде негізделеді. Сонымен қатар, мұндай жүйелеу әртүрлі құқықтық көздерде бекітілген принциптерді бір тұжырымдамалық модельге біріктіріп, құқыққолдану практикасының бірізділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде аталған тұжырымның теориялық және қолданбалы тұрғыдан ғылыми жаңалығын күшейтеді.

#### **5-тұжырым жаңа.**

Автор шетелдік өндіріп алушылардың өз пайдасына шығарылған шешімдерді Қазақстанда мәжбүрлеп орындату үшін қолайлы және түсінікті алгоритмін жасаған және шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулықтың жобасын әзірлеген.

Ұсынылған алгоритм трансшекаралық атқарушылық іс жүргізудің барлық негізгі кезеңдерін логикалық тұрғыдан реттеп, құқыққолдану субъектілері үшін айқын әрекеттер тізбегін қалыптастырады, бұл өз кезегінде құқықтық айқындылық пен болжамдылықты арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, диссертанттың шетелдік сот және төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулықтың жобасын әзірлеуі ғылыми нәтижелерді нормативтік-қолданбалы деңгейге трансформациялаудың көрінісі болып табылады, яғни теориялық тұжырымдарды нақты құқықтық құралға айналдыруымен ерекшеленеді.

Сонымен, ұсыныстың жаңалығы автордың трансшекаралық

			<p>атқарушылық рәсімді жүйелеуімен, оны алгоритмдік модельдеу арқылы жеңілдетуімен және практикалық іске асыруға бағытталған нормативтік ұсыныспен толықтыруымен айқындалады.</p> <p><b>6-тұжырым жаңа.</b></p> <p>Автордың Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы бірыңғайландырылған әмбебап халықаралық конвенцияның жобасын әзірлеуі, Халықаралық сот орындаушылар палатасын құру қажеттігін негіздеуі отандық құқықтық ғылым үшін тың жаңалық болып табылады.</p> <p>Әмбебап халықаралық конвенцияның жобасын әзірлеу арқылы автор алғаш рет әртүрлі халықаралық құралдар мен ұлттық құқықтық режимдерде шашыраңқы түрде бекітілген нормаларды біртұтас, жүйелі және үйлесімді құқықтық актіге біріктіру идеясын іске асырады, халықаралық деңгейдегі құқықтық бірыңғайландырудың жаңа үлгісін қалыптастыруға ұмтылады.</p> <p>Сонымен қатар, халықаралық атқарушылық іс жүргізу саласында институционалдық тетіктердің жеткіліксіздігі проблемасын ескере отырып, оны шешудің тың жолын ұсынады. Халықаралық сот орындаушылар палатасын құру идеясы ұлттық деңгеймен шектеліп келген атқарушылық қызметті белгілі бір дәрежеде үйлестіруге және трансшекаралық орындау тиімділігін арттыруға бағытталады, бұл өз кезегінде құқықтық реттеудің жаңа институционалдық деңгейін білдіреді.</p> <p>Осылайша, тұжырымның ғылыми жаңалығы оның тек жекелеген нормаларды жетілдіруге емес, бүкіл трансшекаралық орындау жүйесін кешенді түрде қайта құруға бағытталғанымен, халықаралық-құқықтық бірыңғайландыру мен институционалдандырудың жаңа тұжырымдамасын ұсынуымен сипатталады.</p>
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>кең</b></li> </ol>	<p><b>1-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</b></p> <p>Шетелдік сот шешімдерін тану кезінде қолданылатын өзара түсіністік принципін халықаралық сыпайылық принципімен ауыстыру қажеттігі туралы тұжырым ағымдағы проблеманы шешіп</p>

	<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>қана қоймай, доктриналық білімді тереңдетудің алғашқы баспалдағы бола алады, құқық ғылымындағы жаңа бағыттардың қалыптасуына жол ашып, ғалымдар мен зерттеушілер үшін тың гипотезалар ұсынуға негіз қалайды. Тұжырымды іс жүзінде қолдану құқықтық айқындылық принципінен ауытқымауға жол ашады, сот қызметінде және атқарушылық іс жүргізу барысында нормаларды екіұшты түсіндіруді болдырмайды. Нәтижесінде, заңның қолданылуы болжамды әрі түсінікті болып, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау деңгейі артады. Бұл құқықтық жүйенің зерттеуге арқау болып отырған саласын сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтереді.</p> <p><b>2-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</b></p> <p>Шетелдік төрелік шешімдерді танудан бас тарту негізі ретіндегі «жария тәртіп» туралы ескертпенің қолдану өлшемшарттарын нақтылау туралы тұжырым келешектегі ғылыми ізденістердің тұжырымжамалық негізі бола алады, құқық доктринасындағы «жария тәртіп» институтының мазмұнын байытып, осы бағыттағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің өрбуіне, жаңа ғылыми гипотезалардың туындауына жол ашады, сот тәжірибесіндегі «жария тәртіп» ескертпесін қолданумен байланысты қайшылықтарды жоюға, құқықтық реттеудің болжамдылығын арттыруға және заң алдындағы теңдік принципін нығайтуға мүмкіндік береді. Тұжырым заң шығарушы үшін маңызды бағдар болып табылады, «жария тәртіп» ұғымын тұжырымдап, оның айқын шекаралары мен өлшемшарттарын нақтылау құқықтық айқынсыздықты жоюға сеп болады. Тұжырымның ең маңызды практикалық тұсы – судьялар үшін осы күрделі ұғымды дұрыс интерпретациялау және қолдану бойынша бағыт-бағдар нұсқауында. Бұл судьялардың субъективті пайымдауларының шектен тыс еркін болуын тежеп, шешімдердің негізділігі мен заңдылығын арттыруға көмектеседі.</p> <p><b>3-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</b></p> <p>Халықаралық құжаттарда атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас</p>
--	--	--

тартудың әмбебап негіздерін бекіту туралы тұжырым ғылыми доктрина тұрғысынан алғанда, халықаралық жеке құқық пен атқарушылық іс жүргізу заңнамасының күрделі әрі әлі де толық зерттелмеген қырларын ашады. Автор ұсынып отырған негіздердің құқыққолдану практикасына енгізілуі шетелдік өндіріп алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді және кепілді түрде қамтамасыз етуге, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындау процесінің ашық әрі болжамды болуына жол ашады, халықаралық іскерлік айналым қатысушыларының Қазақстанның сот жүйесіне деген сенімін арттырады. Заңнама тұрғысынан алғанда тұжырым «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңында шетелдік соттар мен төрелік шешімдерін орындаудың ерекшеліктерін, шарттарын және тәртібін егжей-тегжейлі реттейтін арнайы тарау көздеу арқылы құқықтық реттеудегі бытыраңқылықты жойып, нормаларды бір арнаға тоғыстырады.

#### **4-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.**

Шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың жүйеленген принциптер кешенін түзу туралы тұжырым ғылыми тұрғыдан алғанда болашақ ғылыми ізденістерді тереңдетуге және дамытуға елеулі үлес қосады, құқық доктринасындағы шетелдік актілерді тану мен орындау институтының теориялық базасын кеңейтеді. Практикалық тұрғыдан алғанда нақтылық пен әмбебаптық сипаттары тән принциптер әлемдік деңгейде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындату рәсімдерін айтарлықтай жеңілдетеді, трансшекаралық азаматтық айналым шеңберінде өндіріп алушылардың бұзылған құқықтарының жедел әрі тиімді қалпына келтірілуіне нақты кепіл бола алады. Тұжырымды ұлттық атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы жетілдіру негізі ретінде басшылыққа алуға болады, сонымен қатар ол әртүрлі юрисдикциялар арасындағы кедергілерді жойып, халықаралық деңгейдегі сот шешімдерінің «еркін қозғалысын» қамтамасыз ететін ортақ құқықтық кеңістік құруға мүмкіндік береді.

**5-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.**

Зерттеу аясында әзірленген сот орындаушылары өздерінің күнделікті қызметінде тікелей пайдалана алатын арнайы әдістемелік құралдар (алгоритм, нұсқаулық) шетелдік соттар мен төрелік шешімдерін орындау кезінде туындайтын күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі, атқарушылық іс-әрекеттердің сапасын арттыруды, қателіктерді азайтуды және процестің жеделдігін қамтамасыз етеді. Заңнамалық тұрғыдан алғанда, тұжырым диссертацияның зерттеу пәнін құрап отырған бытыраңқы нормаларды біртұтас қисынды тізбекке біріктіріп, шетелдік атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатудың нақты алгоритмін ұсынады. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл тұжырымның болашақ ғылыми ізденістерге серпін беру әлеуеті бар, ол шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселесі бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытудың платформасы бола алады. Тұжырым құқық ғылымында жаңа пікірталастар тудырып, халықаралық азаматтық және атқарушылық іс жүргізудің теориялық базасын байыта түседі.

**6-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.**

Тұжырым жекелеген мемлекеттің ішкі мәселелерін ғана шешіп қоймай, халықаралық деңгейде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатудың тиімді тетігін қалыптастыруды мақсат етеді. Ол трансшекаралық даулар кезінде сот шешімдерінің «қағаз жүзінде» қалмай, іс жүзінде орындалуына, сол арқылы жаһандық деңгейде әділ сот төрелігінің беделін арттыруға бағытталған. Доктрина тұрғысынан алғанда, бұл тұжырым халықаралық азаматтық және атқарушылық іс жүргізу құқығы доктринасындағы жаңа тенденцияларды айқындап, зерттеушілер үшін жаһандық құқықтық интеграция мәселелерін тереңірек зерделеуге жол ашады, жаһандық ғылыми диалогқа қосқан үлес болып табылады. Дүниежүзі бойынша қолданылатын бірыңғай халықаралық конвенцияны әзірлеу идеясы – диссертацияның ең амбициялық тұжырымы. Бұл бастама әртүрлі юрисдикциялардағы қайшылықтарды жойып, шетелдік шешімдерді тану мен орындаудың ортақ стандарттарын бекітуді, сот

			<p>орындаушылары мен атқарушылық іс жүргізу саласын бақылайтын әлемдік деңгейдегі уәкілетті органның қызметінің тиімділігін арттыруды көздейді.</p>
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>иә</u>;  2) жоқ  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p><b>1-тұжырым мақалада дәлелденген.</b>  WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақаласында диссертант трансшекаралық айналымның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз құралдарының қатарында өзара түсіністік принципін зерделеген.</p> <p><b>2-тұжырым мақалада дәлелденген.</b>  «Жария тәртіп» ұғымымен байланысты мәселелер және оны нақтылау жолдары автордың Қарағанды университетінің Хабаршысында жарияланған «On the need to define the concept of «public order» in the context of recognition and enforcement of foreign judicial and arbitration decisions in the Republic of Kazakhstan» тақырыбындағы мақаласында және WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақаласында қарастырылған.</p> <p><b>3-тұжырым мақалада дәлелденген.</b>  «Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Хабаршысы» ғылыми журналының беттерінде жарық көрген «К вопросу о необходимости расширения перечня исполнительных документов (при внесудебном урегулировании споров)» және WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақалаларында автор атқарушылық іс жүргізудің, атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың негіздерін қарастырған.</p> <p><b>4-тұжырым мақалада дәлелденген.</b></p>

Шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың принциптері автордың WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақаласында, «Сот төрелігі академиясының Хабаршысы» ғылыми журналында жарияланған «Признание и приведение в исполнение иностранных арбитражных решений: практика применения Нью-Йоркской конвенции 1958 года (на примере сравнения законодательства и практики Китая и Казахстана)» атты мақаласында, «Заңнама институтының Хабаршысы» ғылыми журналында жарияланған «Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования» тақырыбындағы мақаласында құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету жолдарының қатарында зерделенген.

**5-тұжырым мақалада дәлелденген.**

«Заңнама институтының Хабаршы» ғылыми журналында жарияланған «Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования», «Обеспечение эффективности института частного судебного исполнителя в Республике Казахстан» және WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақаласында атқарушылық іс жүргізудің сатылары және тәртібімен байланысты мәселелер көтеріліп, заңнаманың кемшіліктері көрсетілген, оларды жою жолдары ұсынылған.

**6-тұжырым мақалада дәлелденген.**

Атқарушылық іс жүргізудің халықаралық тетіктері диссертанттың WoS және Scopus дерекқорларына енгізілген «Access to Justice in Eastern Europe» журналындағы «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» атты мақаласында қарастырылған.

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Автор таңдап алған әдіснама диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толығымен сәйкес келеді, негізділік және нақтылық талаптарына жауап береді.</p> <p>Диссертацияның тереңдігі мен біртұтастығын қамтамасыз ету үшін ғылыми және эмпирикалық әдістердің кешенді жиынтығы қолданылды. Зерттеу барысында талдау, синтез, индукция, дедукция, тарихи талдау және жүйелеу сияқты жалпығылыми әдістермен қатар, арнайы-құқықтық тәсілдер кеңінен пайдаланылған.</p> <p>Формальды-құқықтық және салыстырмалы-құқықтық әдістер авторға нормативтік сипаттағы материалдардың мазмұнын талдауға және әртүрлі юрисдикциялардың заңнамасы мен сот практикасын салыстыруға мүмкіндік берген, құрылымдық-функционалдық әдістің көмегімен сот немесе төрелік шешімдерін шығарудан оны орындауға дейінгі құқықтық реттеу тетіктерінің элементтері арасындағы байланыс ашылған. Индукция, дедукция және контент-анализ әдістері сот практикасындағы заңдылықтарды анықтап, оларды жалпы ережелермен сабақтастыру және статистикалық деректерді өңдеу үшін қолданылған. Модельдеу және SWOT-талдау тәсілдері шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың тиімді алгоритмдері мен халықаралық тетіктерін әзірлеуге негіз болған.</p> <p>Таңдалған әдіснама тақырыпты түрлі қырларынан терең зерделеуге, дәйекті, жаңа, теориялық және практикалық құндылығы бар, сыни сүзгіден өткен қомақты нәтижелер алуға мүмкіндік берген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Соның арқысында тақырып құқықтық ғылымдар мен заңнаманың даму деңгейін, қазіргі халықаралық саяси-экономикалық контекстті ескере отырып ашылған. Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>иә</b>;</li> <li>2) <b>жоқ</b>.</li> </ol>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған теориялық қорытындылардың, алынған нәтижелердің шынайылығы мен дәйектілігі құқықтық ғылымдарға тән модельдеу, апробациядан өткізу және практикалық деректермен салыстыру түріндегі эксперименттік зерттеулердің көмегімен қамтамасыз етілді.</p> <p>Қалыптасқан сот және төрелік практикасын талдау негізінде заңнамалық, ұйымдастырушылық, логистикалық сипаттағы проблемалардың өзегінде жатқан заңдылықтар айқындалды; нормативтік актілерді контент-талдау сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындау арасындағы өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді, модельдеудің көмегімен шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау алгоритмі, Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы әмбебап конвенцияның жобасы жасалды, Халықаралық сот орындаушылар палатасының құрылымдық негіздері ұсынылды. Аталған құжаттар қабылданып, ұсыныстар практикаға енгізілген жағдайда қол жеткізілетін оң нәтижелер, олардың экономикалық және имидждік әсері ғылыми тұрғыдан алдын ала болжанды.</p> <p>Демек, диссертацияның теориялық ережелері эмпирикалық тұрғыдан негізделген, әрбір идея нақты сынақтан, талдаудан және салыстырудан өткен. Бұл алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертацияда жасалған маңызды мәлімдемелер мен тұжырымдар беделді ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелермен жан-жақты қуатталған. Диссертант отандық (М.К. Сүлейменов, С.А. Акимбекова, В.Т. Конусова), ресейлік (В.В. Ярков, Б.Р. Карабельников, Р.В. Зайцев) және батыстық (George A. Vermann, Т. Бендевский) құқық мектептері өкілдерінің іргелі еңбектерін терең зерттеген. Сонымен қатар, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындатуды реттейтін халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде қабылданған актілерді зерделеу, Германия, Ұлыбритания, Франция сияқты дамыған елдердің заңнамалық тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жасау</p>

			жұмыстың дәлелдемелік базасын айтарлықтай күшейткен. Айтылғандар зерттеу нәтижелерінің заманауи ғылыми парадигмаларға сай екендігін және дереккөздердің шынайылығын айғақтайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі қомақты және толыққанды әдеби шолу жасау үшін жеткілікті, қарастырылып отырған тақырыптың негізгі бағыттары мен негізгі қырларын толық қамтиды. Тізімге шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатумен байланысты ғылыми мәселенің өзекті жай-күйін көрсететін іргелі еңбектер де, заманауи зерттеулер де енгізілген. Тандалған дереккөздер ғылыми көзқарастардың эволюциясына көз жүгіртуге, әдебиеттерде ұшырасатын ұстанымдар мен пікірталастарды анықтауға және зерттеу тақырыбы туралы тұтас және негізделген идеяны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Айтылғандар тақырыптың тереңдігін көрсетеді және оны одан әрі зерделеу және өрбіту үшін қажетті теориялық базаны қамтамасыз етеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Қазақстанның құқықтық ғылымы үшін диссертацияның теориялық маңызы жоғары және ол мыналардан көрінеді: - құқықтық зерттеулердің заман талаптарына сәйкес ғылыми әдістеріне жүгіне отырып, шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелері теориялық тұрғыдан терең зерттеуге ұшыраған алғашқы кешенді жұмыстардың бірі болып табылады; - шетелдік шешімдерді тану мен орындаудан бас тартудың негіздеріне кешенді сараптама жасалып, аталған институттың эволюциялық даму бағыттары мен заңнамада трансформациялану заңдылықтары айқындалды; - құқықтық айқындылық принципіне нұқсан келтіретін «өзара әрекеттестік» және «жария тәртіп» сияқты екіұшты ұғымдарды интерпретациялау мен қолданудың бірыңғай тетіктеріне қатысты тұжырымдамалық ойлар ұсынылды; - шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату институтының іргелі принциптерінің жүйесі негізделді,

			<p>атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың әмбебап негіздері топтастырылды;</p> <p>- шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатудың халықаралық деңгейдегі бірізділігін қамтамасыз етудің құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері негізделді.</p> <p>Алынған нәтижелер шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату мәселелері бойынша ғылыми көзқарастарды тереңдетіп, дамытады әрі келешекте осы бағыттағы ғылыми зерттеулерге арқау бола алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы, ең бірінші кезекте, оның қолданбалы сипатымен айқындалады және мыналардан көрінеді:</p> <p>- «жария тәртіп» ескертпесін шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстанда тану барысында қолдану тәртібін нақтылайтын ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының жобасы әзірленді;</p> <p>- шетелдік соттар мен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасының аумағында орындау алгоритмі әзірленіп, оның негізінде сот орындаушыларының шетелдік өндіріп алушыларға қатысты атқарушылық іс жүргізу практикасында қолдануына арналған нұсқаулықтың жобасы әзірленді;</p> <p>- Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы жаһандық әмбебап конвенцияның жобасы жасалды, оның ішінде, Халықаралық сот орындаушылар палатасын құру туралы ұсыныс айтылып, оның мақсаты, міндеттері, органдары нақтыланды.</p> <p>Диссертант ұсынған практикалық шешімдер сот орындаушыларының шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындау барысында атқарылатын іс-әрекеттерінің сапасын арттыруға, осы саладағы заңнаманы толықтыруға және дамытуға үлес қосады және барлық деңгейдегі уәкілетті органдардың әрекетінде негізге алынуы мүмкін.</p> <p>Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін болашақ заңгерлерге «Халықаралық жеке құқық», «Халықаралық төрелік», «Халықаралық азаматтық процесс», «Азаматтық процесстік құқық» және «Атқарушылық іс</p>

			жүргізу» пәндерін оқыту барысында пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелерінің Астана қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы мен Бірінші экономикалық арбитраждың тәжірибесіне енгізілді енгізу актілермен расталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда жасалған практикалық ұсыныстар (шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату алгоритмі, сот орындаушыларына арналған нұсқаулықтың жобасы, жария тәртіп ұғымын қолдану туралы ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының жобасы, Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы жаһандық әмбебап конвенцияның жобасы) толығымен жаңа және бұрын-соңды Қазақстанның құқықтық ғылымында айтылмаған тың ойларды қамтиды. Олар практикаға енгізуге жарамды және шетелдік элементпен күрделенген дауларды қарау нәтижесінде шығарылған сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөніндегі атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация мәтінде құқықтық терминология дұрыс және орынды қолданылған. Жұмыстың жоспары сәтті құрылған, ол зерттеу объектісі мен пәнін жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін логикалық матрица қызметін атқарып, эмпирикалық деректерді жүйелеудің тиімді алгоритмін қалыптастырады. Жұмыс жатық, түсінікті тілмен, академиялық стильде жазылған. Барлық авторлық идеялар мұқият тұжырымдалған, толыққанды ашылған және жете уәждеделген. Дереккөздер мен ғылыми әдебиеттерге сілтемелер талаптарға сай жасалған. Жұмыс талаптарға сай ресімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның серпінді ғылыми нәтижелерін ілгерілетуге бағытталған ұсынымдық сипаттағы ескерту: 1) Диссертанттың заңгерлер қауымын елең еткізер ұсыныстарының бірі – халықаралық деңгейде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатудың тиімді тетігін қалыптастыруға ұмтылысы және осы мақсатқа жауап беретін Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы жаһандық әмбебап конвенцияның жобасын әзірлеуі. Конвенция жобасының ғалым және практик заңгерлердің әлемдік деңгейдегі диалогының тақырыбына айналуы үшін оның мәтінін ағылшын тілінде де әзірлеген дұрыс болар еді. 2) Ұсынылып отырған конвенцияны халықаралық құқықтағы шарттық құқық ережелері тұрғысынан әзірлеу	

